



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**

---

**СҮТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІ**  
**Бұрмалауды анықтау және табу**

**МОЛОКО И МОЛОЧНЫЕ ПРОДУКТЫ**  
**Определение и выявление фальсификации**

**ҚР СТ 2152-2014**

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің**  
**Техникалық реттеу және метрология комитеті**  
**(Мемстандарт)**

**Астана**



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**

---

**СҮТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІ**  
**Бұрмалауды анықтау және табу**

**ҚР СТ 2152-2014**

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің**  
**Техникалық реттеу және метрология комитеті**  
**(Мемстандарт)**

**Астана**

**Алғысөз**

**1** «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен 44 «Технолог» стандарттау жөніндегі техникалық комитеті **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

**2** Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2014 жылғы 10 қазандағы №206-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**.

**3** Осы стандартта Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы №603-ІІ «Техникалық реттеу туралы» заңының, «Тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы» 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №880 Кеден одағының техникалық регламентінің, «Сүттік және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» 2013 жылғы 9 қарашадағы №67 Кеден одағының техникалық регламентінің, Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы №299 шешімімен бекітілген «Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын тауарларға қойылатын бірыңғай санитариялық және гигиеналық талаптар (ІІ тарау, 1-бөлім, 1.4 тармақшаны қараңыз)

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ  
ТЕКСЕРУ КЕЗЕНДІЛІГІ**

**2021 жыл  
5 жыл**

**5 ҚР СТ 2150-2011 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**

*Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткіштерінде, сондай-ақ мәтін өзгерістер ай сайын басылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жария етіледі. Осы стандартты қайта қарау (өзгертілу) жою жағдайында, тиісті хабарлар ай сайын басылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жария етіледі.*

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

**Мазмұны**

1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	7
4 Сүт өнімінің мақсаты және сәйкестендіру	8
5 Сүт өнімін сәйкестендіру	9
6 Сүт өнімін сәйкестендірудің жалпы нәтижесі және оның ұсынылуы	22
А қосымшасы (ақпараттық) Сүт ақауы	23
Б қосымшасы (ақпараттық) Сүт өнімін сынау жөніндегі халықаралық ISO стандарттар тізбесі	25
В қосымшасы Сүт өнімінің бұрмалануының негізгі түрлерінің тізбесі	33
Г қосымшасы (ақпараттық) Сүт өнімінің бұрмалануын анықтау үшін сәйкестендіру. Шетел мемлекеттерінің, ТМД елдерінің Қазақстанның тәжірибесі	37
Д қосымшасы (ақпараттық) Сүтті және сүт өнімдерін сәйкестендірудің жалпы нәтижесін рәсімдеуге арналған хаттама нысаны	42
Библиография	43



---

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**

---

**СҮТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІ**  
**Бұрмалауды анықтау және табу**

Енгізілген күні 2016.01.01

**1 Қолданылу саласы**

Осы стандарт сүт және сүт өнімдерін (бұдан әрі – сүт өнімдері) сәйкестендіру бойынша жұмыстар мен олардың нәтижелерін рәсімдеудің жалпы ережесін белгілейді.

Стандарт ережесі Қазақстан Республикасында сатылатын, соның ішінде импортты өндірілген сүт өнімдеріне таралады және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және «Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламентіне қарама қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

Стандарт, егер басқа талаптар әзірлеуші мен тұтынушы арасында өнімді жеткізуге арналған шартпен қарастырылмаса, Қазақстан Республикасынан тыс жеткізілетін сүт өнімдерін сәйкестендіру кезінде қолданыла алады.

Стандарт ережелері өз құзиреттілігі шегінде тамақ өнімдерін өндіру және айналымы үшін бақылауды (қадағалауды) іске асыратын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдар; сүт өнімдері, дайын өнімді айналымға шығарғанға дейін бақылауды іске асыратын өнімді дайындаушы кәсіпорындар кіретін аккредиттеу саласында міндетті және/немесе ерікті түрде сәйкестікті растауды (сертификаттау, декларациялау) жүзеге асыратын сәйкестікті растау органдары және сынақ зертханалары (орталықтары) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайлардағы тұтынушы және басқа ұйымдар мамандарының пайдалануына арналған.

Осы стандарт балаларға арналған және диеталық тағамдарға арналған сүт өнімдеріне таралмайды.

**2 Нормативтік сілтемелер**

Осы стандартты пайдалану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Күні көрсетілген сілтемелер үшін сілтемелік нормативтік құжаттың тек көрсетілген басылымы ғана қолданылады, ал күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың соңғы басылымы (барлық өзгертулерімен қоса) қолданады:

ҚР СТ 44-97 Құрт. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 84-98 Ірімшік. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 94-95 Ірімшік. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 117-97 Шұбат. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 142-97 Сиыр сүтінен жасалған кілегей. Дайындау кезіндегі талаптар.

ҚР СТ 166-97 Шұбатқа қайта өңдеуге арналған түйе сүті.

ҚР СТ 418-96 Қышқылтым сыр. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 715-95 Балқытылған сыр. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 976-94 Майсыз және майлы балқытауға арналған сыр. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1004-98 Табиғи қымыз. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1005-98 Бие сүті. Сатып алу кезіндегі талаптар.

## ҚР СТ 2152-2014

- ҚР СТ 1006-98 Қаймақ. Техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1007-98 Кілегей пастасы. Техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1010-2008 Тамақ өнімдері. Тұтынушыларға арналған ақпарат. Жалпы талаптар.  
ҚР СТ 1014-2000 Өнімді сәйкестендіру. Жалпы ережелер.  
ҚР СТ 1060-2002 Толтырмалы сүт сары суы негізінде жасалған сусын. Жалпы техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1061-2002 Сүт өнімі. Снежок. Техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1062-2002 Май. Жалпы техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1063-2002 Сыр. Жалпы техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1064-2002 Қаймақ. Жалпы техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1067-2002 Ірімшік өнімдері. Жалпы техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1102-2002 Сүт өнімдері. Сары ірімшік. Жалпы техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1103-2002 Сүт өнімдері. Сүзбе. Жалпы техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1106-2002 Сүт өнімдері. Кілегей мусы. Жалпы техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1107-2002 Сүт өнімдері. Пудинг. Жалпы техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1108-2002 Сүт өнімдері. Суфле. Жалпы техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1135-2002 «Ақ ниет» ақуыз пастасы. Жалпы техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1304-2004 Жұмсақ тағамдық сары-өсімдік майлары. Техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1307-2004 Сүт және сүт өнімдері. Балқытылған диеталық сыр. Техникалық шарттар.  
ҚР СТ СТБ 1315-2008 Консервіленген өнімдер. ТА типті талдағыштарда инверсиялық вольтамперометрия әдісімен құрамындағы қалайы және қорғасын мөлшерін анықтау әдістемесі.  
ҚР СТ 1324-2010 Ішуге арналған сүт. Жалпы техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1325-2005 «Шетен» йод қоспасы бар сүт өнімі. Техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1326-2005 «Шырғанақ» құрамындағы май мөлшері аз қосындыланған май. Техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1327-2005 Ашыған сүт сусындары. «Жеміс қосылған айран». Техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1328-2005 Тәтті, ванильді мейіз қосылған және қосылмаған ірімшік сыры. Техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1329-2005 «Қазақстан» сиырдың сары майы. Техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1345-2005 Биологиялық қауіпсіздік. Шикізат және тамақ өнімдері. Биологиялық микрочипті қолданумен өсімдіктен алынған генетикалық модификацияланған көздерді (ГМК) сәйкестендіру әдісі.  
ҚР СТ 1346-2005 Биологиялық қауіпсіздік. Шикізат және тамақ өнімдері. Өсімдіктен алынған генетикалық модификациялық көздерді (ГМК) сәйкестендіру әдісі.  
ҚР СТ 1372-2005 Өсімдік қоспасымен сары май. Техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1471-2005 «Таң» ұлттық ашытылған сүт өнімі. Техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1483-2005 Сияр сүті. Сүт құрамының көрсеткіштері мен тығыздығын анықтау бойынша сынақ әдістері.  
ҚР СТ 1508-2006 Радиациялық бақылау. Сүт және сүт өнімдерінің сынамаларын іріктеу. Жалпы талаптар.  
ҚР СТ 1732-2007 Сүт және сүт өнімдері. Сапа көрсеткіштерін анықтаудың органолептикалық әдісі.  
ҚР СТ 1733-2007 Сүт және сүт өнімдері. Жалпы техникалық шарттар.  
ҚР СТ 1734-2007 Сүт және сүт өнімдері. Қабылдау ережелері мен сынау әдістері.  
ҚР СТ 1735-2007 Сүт және сүт өнімдері. Орау, таңбалау, тасымалдау және сақтау.  
ҚР СТ 1760-2008 Сияр сүті. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 2019-2010 Сүт және сүтті қайта өңдеу арқылы алынған өнімдер. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 2064-2010 Сүт және сүт өнімдері. Құрамындағы кальций, натрий, калий және магний мөлшерін анықтау. Атомдық абсорбцияның спектрометриялық әдісі.

ҚР СТ 2069-2010 Ашыған сүт өнімдері. Жалпы техникалық шарттар.

ҚР СТ 2125-2011 Тамақ өнеркәсібі өнімдері мен ауыл шаруашылық өнімдерін сәйкестендіру. Жалпы талаптар.

ҚР СТ ISO 488-2009 Сүт. Құрамындағы май мөлшерін анықтау. Гербер бутирометр.

ҚР СТ ISO 707-2011 Сүт және сүт өнімдері. Сынамаларды іріктеу жөніндегі нұсқау.

ҚР СТ ISO 1211-2011 Сүт. Құрамындағы май мөлшерін анықтау. Гравиметриялық әдіс (бақылау әдісі).

ҚР СТ ISO 1736-2009 Құрғақ сүт және құрғақ сүт өнімдері. Құрамындағы май мөлшерін анықтау. Гравиметриялық әдіс (бақылау әдісі).

ҚР СТ ISO 1740-2009 Майлы сүт өнімдері және сары май. Майдың қашқылды санын анықтау (бақылау әдісі).

ҚР СТ ISO 2446-2011 Сүт. Майлылығын анықтау әдісі.

ҚР СТ ISO 2450-2011 Кілегей. Құрамындағы май мөлшерін анықтау. Гравиметриялық әдіс (бақылау әдісі).

ҚР СТ ISO 2962-2011 Сыр және балқытылған сыр өнімдері. Құрамындағы жалпы фосфор мөлшерін анықтау. Молекулалық абсорбцияның спектрометриялық әдісі.

ҚР СТ ISO 3356-2013 Сүт. Сілтінің фосфатазасын анықтау.

ҚР СТ ISO 5765-1-2009 Құрғақ сүт, балмұздаққа арналған сүт қоспасы және балқытылған сыр. Құрамындағы лактоза мөлшерін анықтау. 1-бөлім. Лактозаның құрамды бөлігі ретінде глюкозаны қолданудың ферментативті әдісі.

ҚР СТ ISO 5765-2-2009 Құрғақ сүт, балмұздаққа арналған сүт қоспасы және балқытылған сыр. Құрамындағы лактоза мөлшерін анықтау. 2-бөлім. Лактозаның құрамды бөлігі ретінде глюкозаны қолданудың ферментативті әдісі.

ҚР СТ ISO 6090-2009 Сүт және құрғақ сүт, іркіт және ұнтақтағы құрғақ іркіт, сарысу және ұнтақтағы құрғақ сарысу. Құрамындағы фосфотаза белсенділігін анықтау.

ҚР СТ ISO 6091-2013 Құрғақ сүт. Титрленетін ашуын анықтау (бақыланатын әдіс).

ҚР СТ ISO 6611-2009 Сүт және сүт өнімдері. Ашытқы және (немесе) зең қатарын құрайтын бірліктерді есептеу. 25 °C кезіндегі колонийді есептеу әдісі.

ҚР СТ ISO 8196-3-2013 Сүт. Сүт талдауының баламалы әдістерінің жалпы дәлдігін анықтау және бағалау. 3-бөлім. Сүт талдауының баламалы сандық әдістерін бағалау және валидтеу хаттамасы.

ҚР СТ ISO 8262-2-2009 Сүт өнімдері және сүт негізіндегі тамақ өнімдері. Вейбулл-Бернтроп гравиметрлік әдіспен құрамындағы май мөлшерін анықтау (бақылау әдісі). 2-бөлім. Балмұздақ және балмұздаққа арналған қоспалар.

ҚР СТ ISO 8262-3-2009 Сүт өнімдері және сүт негізіндегі тамақ өнімдері. Вейбулл-Бернтроп гравиметрлік әдіспен құрамындағы май мөлшерін анықтау (бақылау әдісі). 3-бөлім. Арнайы жағдайлар.

ҚР СТ ISO 11868-2013 Зарарсыздандырылған сүт. Құрамындағы лактулоза мөлшерін анықтау. Рұқсаты жоғары сұйықтық хроматограммасын қолдану әдісі.

ҚР СТ ISO 12081-2010 Сүт. Құрамындағы кальций мөлшерін анықтау. Титрометрлік әдіс.

ҚР СТ ISO 14156-2009 Сүт және сүт өнімдері. Липидтер мен майды еріткіш қоспаларды экстракциялау әдістері.

ҚР СТ ISO 14673-1-2009 Сүт және сүт өнімдері. Құрамындағы нитраттар мен нитриттердің мөлшерін анықтау. 1-бөлім. Кадмиймен қалпына келтіру және спектрометрия арқылы анықтау әдісі.



## ҚР СТ 2152-2014

ҚР СТ ISO 14673-2-2009 Сүт және сүт өнімдері. Құрамындағы нитраттар мен нитриттердің мөлшерін анықтау. 2-бөлім. Жеке ағын бөлшектерін талдау арқылы анықтау әдісі (кең таралған әдіс).

ҚР СТ ISO 14673-3-2009 Сүт және сүт өнімдері. Құрамындағы нитраттар мен нитриттердің мөлшерін анықтау. 3-бөлім. Кадмийді қалпына келтіру және ағынды диализбен сұйықтық бүркуін талдау арқылы анықтау әдісі (кең тараған әдіс).

ҚР СТ ISO 14891-2009 Сүт және сүт өнімдері. Құрамындағы азот мөлшерін анықтау. Дюмас әдісіне сәйкес жағудың ең көп тараған әдісі.

ҚР СТ ISO 17678-2011 Сүт және сүт өнімдері. Газ хроматографиясы әдісімен трилицериндерді талдау арқылы май жиілігін анықтау (стандартты әдіс).

ҚР СТ ISO 18329-2009 Сүт және сүт өнімдері. Құрамындағы фурозин мөлшерін анықтау. Рұксаты жоғары ионбулы айналма күйіндегі сұйықтық хроматография әдісі.

ҚР СТ ISO 22662-2013 Сүт және сүт өнімдері. Тиімділігі жоғары сұйық хроматография арқылы құрамындағы лактозаның мөлшерін анықтау (бақылау әдісі).

ҚР СТ ISO 24276-2010 Генетикалық модификацияланған организмдер мен олардың туындыларын анықтау әдістері. Негізгі талаптар мен анықтамалар.

ҚР СТ ISO 27205-2012 Ашыған сүт өнімдер. Бактериялық ұйыту. Сәйкестік стандарты.

ҚР СТ ГОСТ Р 51456-2008 Сары май. Плазманың белсенді қышқылдығын анықтаудың потенциометрлік әдісі.

ҚР СТ ГОСТ Р 51457-2008 Сыр және балқытылған сыр. Майдың салмақтық үлесін анықтаудың гравиметриялық әдісі.

ҚР СТ ГОСТ Р 51471-2008 Сүт майы. Стериндердің газ-сұйықтық хроматографиясының өсімдік майын анықтау әдісі.

ҚР СТ ГОСТ Р 52091-2010 Ішуге арналған кілегей. Жалпы техникалық шарттар.

ҚР СТ ГОСТ Р 52092-2010 Қаймақ. Жалпы техникалық шарттар.

ҚР СТ ГОСТ Р 52175-2010 Балмұздақ. Жалпы техникалық шарттар.

ҚР СТ ГОСТ Р 52842-2009 Сүт және сүт өнімдері. Антибактериялық заттардың қалдықтарын анықтауға арналған иммунологиялық немесе бактериалдық рецепторлық талдау әдістері.

ГОСТ 4.30-71 Өнім сапасы көрсеткіштерінің жүйесі. Сүт консервілері. Көрсеткіштер тізімдемесі.

ГОСТ 37-91 Сиыр сүті. Техникалық шарттар.

ГОСТ 718-84 Сүт консервілері. Қойылтылған сүт және қанты бар какао. Техникалық шарттар.

ГОСТ 719-85 Сүт консервілері. Қойылтылған сүт пен қант қосылған табиғи кофе. Техникалық шарттар.

ГОСТ 1349-85 Сүт консервілері. Құрғақ кілегей. Техникалық шарттар.

ГОСТ 1923-78 Сүт консервілері. Құтыларда зарарсыздандырылған қойылтылған сүт. Техникалық шарттар.

ГОСТ 25102-90 Сүт және сүт өнімдері. Мезофильді анаэробты бактериялардың мөлшерін анықтау әдістері.

ГОСТ 2903-78 Қаймағы алынбаған қант қосылған сүт. Техникалық шарттар.

ГОСТ ЭД1 2903-82 Қант қосылған қаймағы алынбаған қойылтылған сүт. Техникалық шарттар.

ГОСТ 31079-2002 Құрғақ сүт. Сүт қышқылы мен лактаттарын анықтау әдісі.

ГОСТ 31504-2012 Сүт және сүт өнімдері. Тиімділігі жоғары сұйық хроматография әдісімен құрамындағы консерванттар мен бояғыштардың мөлшерін анықтау.

ГОСТ 3622-68 Сүт және сүт өнімдері. Сынамаларды іріктеу және оларды сынаққа дайындау.

ГОСТ 3624-92 Сүт және сүт өнімдері. Қышқылдықты анықтаудың титрометрлік әдістері.

ГОСТ 3625-84 Сүт және сүт өнімдері. Тығыздықты анықтау әдістері.

ГОСТ 3626-73 Сүт және сүт өнімдері. Ылғал мен құрғақ заттарды анықтау әдістері.

ГОСТ 3628-78 Сүт өнімдері. Қантты анықтау әдістері.

ГОСТ 4495-87 Қаймағы алынбаған құрғақ сүт. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4771-60 Сүт консервілері. Қант қосылған майсыз қойылтылған сүт. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4937-85 Сүт консервілері. Қант қосылған қойылтылған кілегей. Техникалық шарттар.

ГОСТ 5867-90 Сүт және сүт өнімдері. Майды анықтау әдістері.

ГОСТ 6822-67 Шоколадты май. Техникалық шарттар.

ГОСТ 7616-85 Қатты мәйек сыр. Техникалық шарттар.

ГОСТ 9225-84 Сүт және сүт өнімдері. Микробиологиялық талдау әдістері.

ГОСТ 10382-85 Сүт консервілері. Құрғақ ашыған сүт өнімдері. Техникалық шарттар.

ГОСТ 10444.11-2013 Тамақ өнімдері мен жануарларға арналған азықтардың микробиологиясы. Мезохильдік ашыған сүт микроорганизмдерінің мөлшерін анықтау және есептеу әдістері.

ГОСТ 10970-87 Құрғақ майсыздандырылған сүт. Техникалық шарттар.

ГОСТ 13277-79 Пастерленген сиыр сүті. Техникалық шарттар.

ГОСТ 13928-84 Сүт және дайындалатын кілегей. Қабылдау ережесі, сынамаларды іріктеу әдістері және оларды талдауға дайындау.

ГОСТ 22760-77 Сүт өнімдері. Майды анықтаудың гравиметриялық әдісі.

ГОСТ 23327-98 Сүт және сүт өнімдері. Кьельдаль бойынша жалпы азоттың салмақтық үлесін өлшеу және ақуыздың салмақтық үлесін анықтау әдісі.

ГОСТ 23452-79 Сүт және сүт өнімдері. Хлорлы органикалық пестицидтер мөлшерін анықтау әдістері.

ГОСТ 23453-90 Сүт. Соматикалық жасушалар мөлшерін анықтау әдістері.

ГОСТ 23454-79 Сүт. Баяулататын заттарды анықтау әдістері.

ГОСТ 24065-80 Сүт. Соданы анықтау әдістері.

ГОСТ 24066-80 Сүт. Аммиакты анықтау әдісі.

ГОСТ 24067-80 Сүт. Сутек тотығын анықтау әдісі.

ГОСТ 25101-82 Сүт. Қату нүктесін анықтау әдісі.

ГОСТ 25179-90 Сүт. Ақуызды анықтау әдістері.

ГОСТ 25228-82 Сүт және кілегей. Алкогольді сынама бойынша жылуға төзімділігін анықтау әдісі.

ГОСТ 26668-85 Тамақ және дәмдік өнімдер. Микробиологиялық талдауларға арналған сынамаларды іріктеу әдістері.

ГОСТ 26669-85 Тамақ және дәмдік өнімдер. Микробиологиялық талдауларға арналған сынамаларды дайындау.

ГОСТ 26754-85 Сүт. Температураны өлшеу әдісі.

ГОСТ 26781-85 Сүт. рН өлшеу әдісі.

ГОСТ 26809-86 Сүт және сүт өнімдері. Сынамаларды қабылдау, іріктеу әдістері және талдауға дайындау ережелері.

ГОСТ 26928-86 Тамақ өнімдері. Темірді анықтау әдісі.

ГОСТ 26929-94 Тамақ шикізаттары мен өнімдері. Сынамаларды дайындау. Уытты элементтердің мөлшерін анықтау үшін минералдау.

ГОСТ 27568-87 Экспортқа арналған қатты қатты мәйек сыр. Техникалық шарттар.

## ҚР СТ 2152-2014

ГОСТ ISO 21570-2009 Тамақ өнімдері. Генетикалық модификацияланған организмдер мен туындайтын өнімдерді анықтауға арналған талдау әдістері. Нуклеин қышқылына негізделген сандық әдістер.

ГОСТ ISO 21572-2009 Тамақ өнімдері. Генетикалық модификацияланған организмдер мен туындайтын өнімдерді анықтауға арналған талдау әдістері. Протеинге негізделген әдістер.

ГОСТ 27709-88 Қойылтылған сүт консервілері. Тұтқырлықты өлшеу әдісі.

ГОСТ 28283-89 Сыыр сүті. Иісі мен дәмін органолептикалық бағалау әдісі.

ГОСТ 29245-91 Сүт консервілері. Физикалық және органолептикалық көрсеткіштерді анықтау әдістері.

ГОСТ 29246-91 Құрғақ сүт консервілері. Ылғалды анықтау әдістері.

ГОСТ 29247-91 Сүт консервілері. Майды анықтау әдістері.

ГОСТ 29248-91 Сүт консервілері. Қантты анықтаудың йодометриялық әдісі.

ГОСТ 30305.1-95 Қойылтылған сүт консервілері. Ылғалдың салмақтық үлесін өлшеуді орындау әдістемелері.

ГОСТ 30305.2-95 Қойылтылған сүт консервілері және құрғақ сүт өнімдері. Сахарозаның салмақтық үлесін өлшеуді орындауға арналған әдістеме (поляриметрлік әдіс).

ГОСТ 30305.3-95 Қойылтылған сүт консервілері және құрғақ сүт өнімдері. Ашуын өлшеуді орындаудың титромтрлік әдістемелері.

ГОСТ 30305.4-95 Құрғақ сүт өнімдері. Ерігіштік индексін өлшеуді орындау әдістемесі.

ГОСТ 30562-97 Сүт. Қату нүктесін анықтау. Термисторлық криоскопиялық әдіс.

ГОСТ 30637-99 Сүт. Ашуын анықтау әдістері.

ГОСТ 30627.1-98 Балаларға берілетін тамаққа арналған сүт өнімдері. А витаминінің (ретинол) салмақтық үлесін өлшеу әдісі.

ГОСТ 30627.2-98 Балаларға берілетін тамаққа арналған сүт өнімдері. С витаминінің (аскорбин қышқылы) салмақтық үлесін өлшеу әдісі.

ГОСТ 30627.3-98 Балаларға берілетін тамаққа арналған сүт өнімдері. Е витаминінің (токоферол) салмақтық үлесін өлшеу әдісі.

ГОСТ 30627.4-98 Балаларға берілетін тамаққа арналған сүт өнімдері. РР витаминінің (ниацин) салмақтық үлесін өлшеу әдісі.

ГОСТ 30627.5-98 Балаларға берілетін тамаққа арналған сүт өнімдері. В<sub>1</sub> витаминінің (тиамин) салмақтық үлесін өлшеу әдісі.

ГОСТ 30627.6-98 Балаларға берілетін тамаққа арналған сүт өнімдері. В<sub>2</sub> витаминінің (рибофлавин) салмақтық үлесін өлшеу әдісі.

ГОСТ 31506-2012 Сүт және сүт өнімдері. Құрамында сүттен алынбаған майлардың болуын анықтау.

ГОСТ 31633-2012 Сүт және сүт өнімі. Фотоколориметрлеу әдісімен сүт майының массалық үлесін анықтау.

ГОСТ ISO 8069-2013 Құрғақ сүт. Сүт қышқылының және лактаттардың мөлшерін анықтау.

ГОСТ 31085-2002 Сүт және сүт өнімдері. Сахароза мен глюкозаны анықтау әдісі.

ГОСТ 31086-2002 Сүт және сүт өнімдері. Лактозаны және галактозаны анықтау әдісі.

ӘН Генетикалық түрлендірілген өсімдік текті ДНҚ-ын сапалық және сандық анықтау әдістері, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі 24.05.2006 ж. бекіткен.

ӘН 4.1.2420-08 Сүттегі және сүт өнімдеріндегі меламинді анықтау.

ГОСТ Р 51258-99 Сүт және сүт өнімдері. Сахарозаны және глюкозаны анықтау әдісі.

ГОСТ Р 51259-99 Сүт және сүт өнімдері. Лактозаны және галактозаны анықтау әдісі.

ГОСТ Р 51469-99 Казеиндер жәнеказеинаттар. Лактозаның массалық үлесін анықтаудың фотометрлік әдісі.

ГОСТ Р 51483-99 Өсімдік майлары мен жануарлар тонмайы. Жеке май қышқылдарының олардың метил эфирлерінің жиынтығына массалық үлесін газ хроматографиясы әдісімен анықтау.

ГОСТ Р 51471-99Сүт тонмайы.Стериндердің газ-сұйықтық хроматографиясымен өсімдік тонмайын анықтау әдісі.

ГОСТ Р 51472-99<sup>1)</sup>Құрғақ сүт өнімдері. «Ақ дақтар мөлшерін» анықтау әдісі.

ГОСТ Р 52100-2003<sup>1)</sup>Қорытылған спредтер мен қоспалар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ Р 52253-2004 Сиыр сүтінен алынған май және май қоймалжыны. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ Р 52687-2006 Бифидумбифидобактерияларымен байытылған ашыған сүт өнімдері. Техникалық шарттар.

ГОСТ Р 52995-2008<sup>1)</sup> (ИСО 17129:2006) Құрғақ сүт. Додецилсульфат қатысуымен қылтүтікті электрофорез көмегімен соя және бұршак белоктарын анықтау. Бөлу әдісі.

ГОСТ Р 53244-2008<sup>1)</sup> (ИСО 21570:2005)<sup>1)</sup>Тамақ өнімдері. Генетикалық түрлендірілген ағзаларды және олардан алынған өнімдерді анықтауға арналған талдау әдістері. Нуклеин қышқылдарын сандық анықтауға негізделген әдістер.

ГОСТ Р 53761-2009 Сүт. Полиакриламид геліндегі белок құрамын электрофоретикалық әдіспен сәйкестендіру.

ГОСТ Р 54756-2011<sup>1)</sup>Сүт және сүт өнімі. Сарысу белоктарының массалық үлесін Кьельдаль әдісімен анықтау.

ГОСТ Р 54761-2011<sup>1)</sup>Сүт және сүт өнімі. Майы алынған құрғақ сүт қалдығының массалық үлесін анықтау әдісі.

ГОСТ Р 55246-2012<sup>1)</sup>Сүт және сүт өнімдері. Кьельдаль әдісін қолдану арқылы белок емес азоттың мөлшерін анықтау.

ГОСТ Р 55282-2012<sup>1)</sup>Шикі сүт. Несепнәрдің мөлшерін анықтаудың колориметрлік әдісі.

ГОСТ Р 55332-2012<sup>1)</sup>Сүт және сүт өнімдері. Бос (тұрақтандырылмаған) тонмайды анықтау әдістері.

*Ескертпе –Осы стандартты пайдаланған жағдайда сілтемелік стандарттардың қолданысын ағымдағы жылдағы жай-күйі бойынша жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесі бойынша және ағымдағы жылы жарияланған ай сайын басылып шығарылатын тиісті ақпараттық сілтемелері бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе) онда осы стандартты пайдаланған жағдайда ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.*

### 3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта[4],ҚР СТ 2019 бойынша терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамаларымен бірге мынадай терминдер қолданылады:

**3.1Сүт өнімін сәйкестендіру:** Сүт пен сүт өнімі сипаттамаларының (қасиеттерінің) олардың айтарлықтай белгілерімен ұқсастығын анықтау.

<sup>1)</sup> [8]-ге сәйкес қолданылады, ал соңғы редакциядағы стандарттар (FDIS) бекітілгеннен кейін қолданылады.

**3.2 Сүт өнімінің шынайылығы:** Өнімнің сәйкестендіру барысында белгіленген және оның атауына сәйкестігін растайтын, сүт пен сүт өнімін сипаттамаларының (қасиеттерінің) олардың айтарлықтай белгілерімен ұқсастығы.

**3.3 Сүт өнімінің айтарлықтай белгілері:** Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік құжаттарда жазылған сандық және сапалық органолептикалық және физикалық-химиялық көрсеткіштері, олардың сипаттамалары мен нормалары, тағамдық құндылығының сипаттамалары, атауларының, өндірістің технологиялық процестерінің, қауіп-қатердің және пайдаланылатын шикізаттың айрықша критерийлері, өнім туралы және оның құрамы туралы ақпарат.

**3.4 Сүт өнімін сәйкестендіру нәтижесі:** Өнім туралы ақпараттың өнімді танбалауға қойылатын талаптарға сәйкестігін растауды немесе сәйкессіздігін анықтауды қамтитын, сүт пен сүт өнімінің мәлімделген атауының шынайылығын растау не растамау.

**3.5 Сүт өнімінің қадағалануы:** Нормативтік құқықтық актілерде көзделген шаралар кешені шеңберінде нарықтық қатынастар субъектілерінің сүт пен сүт өнімі топтамасының шығу тегін, оның өндірілу процесінің тарихын, таратылуын және жеткізілгеннен кейінгі орналасқан жерін анықтайтын құзыретті және өкілетті қабілетіне негізделген мүмкіндік.

**3.6 Сүт өнімін сәйкестендіруді жүзеге асыратын қызметтер:** Тамақ өнімдері өндірісіне және айналымына өз құзыреті шегінде бақылау (қадағалау) жасайтын тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдар; сүт өнімін аккредиттеу саласына кіретін, міндетті немесе ерікті сертификаттауды жүзеге асыратын сәйкестікті растау жөніндегі органдар мен сынақ зертханалары (орталықтары); Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда өнімді дайындаушы кәсіпорындар, тұтынушы және өзге ұйымдар.

**3.7 Сүт өнімін сәйкестендіруге өтінім беруші:** Өнімді тұтынушы болып табылатын немесе бақылау (қадағалау) саласында шаруашылық қызметін немесе сүт өнімі өндірісі және (немесе) айналымы саласында Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес келетін өзге қызметті атқаратын жеке немесе заңды тұлға.

**3.8 Сүт өнімі құрамын жол берілмейтін түрлендіру:** Сүт өнімін өнеркәсіптік дайындау, бұдан әрі айналымға шығару процесі салдарынан өнімдердің қасиеттері мен айтарлықтай белгілерінің ұқсастығы бұзылатын және (немесе) олардың негізгі көрсеткіштерін декларацияланған көрсеткіштермен салыстырғанда бұрмаланған осы процесте өнімнің физикалық-химиялық құрамының қасақана немесе абайсызда өзгеруі.

**3.9 Бұрмалану:** Ақпараты әдейі толымсыз немесе күмәнді болып табылатын, қасақана өзгертілген (жасанды) және (немесе) жасырын қасиеттері мен сапасы бар тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізаты (оның ішінде сүт және сүт өнімі).

**3.10 Түрлендіру:** Пайдаланылу саласын кенейту немесе мамандандыру мақсатында базалық өнім негізінде құрылатын өнімнің әртүрлігі.

#### **4 Сүт өнімін сәйкестендіру мақсаттары**

Сүт өнімін сәйкестендіру мынадай мақсаттарда:

<sup>1)</sup>[8]-ге сәйкес қолданылады, ал соңғы редакциядағы стандарттар (FDIS) бекітілгеннен кейін қолданылады.

- өнімнің сүт өнімінің нақты түрлеріне арналған [2], [4]-те және (немесе) стандарттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін міндетті және ерікті растау;
- өнімнің нақты түрі мен атауының шынайылығын анықтау және оның тұржындық тиесілігін айқындау;
- таңбалауда және (немесе) ілеспе құжаттарда көрсетілген өнім туралы ақпараттың сәйкестігін анықтау;
- бұрмаланған өнімді анықтау;
- өнімнің қауіпсіздігі мен сапасына қатысты тұтынушыларды жаңылыстыратын іс-әрекеттердің алдын алу;
- Қазақстан Республикасында сүт өнімі нарығында [11] бойынша халықаралық сауда іс-тәжірибесі этикасының талаптары мен принциптерін ескеретін адал бәсекелестік жағдайларын жасау мақсаттарында орындалады.

## 5 Сүт өнімін сәйкестендіру

### 5.1 Жалпы талаптар

Сәйкестендіру көрсеткіштерін анықтау бақылау (сынақ) өткізу құқығына белгіленген тәртіппен аккредиттелген және (немесе) аттестатталған сынақ зертханаларында жүзеге асырылады.

Жарамдылық мерзімі өткен өнімдер сәйкестендіруге жатпайды.

5.1.1 Сүт өнімін сәйкестендіруді өткізу кезеңдері:

- өнімнің [5] КО СЭҚ ТН кодтарына тиесілігін анықтау;
- атауы бойынша сәйкестендіру – тұтыну орауышындағы таңбалауда және (немесе) тауармен қоса жүретін құжаттамада көрсетілген тамақ өнімінің атауы мен тағайындалуын осы стандартқа, тамақ өнімінің жекелеген түрлеріне арналған [2] және [4]-ке сәйкес тамақ өнімінің түрін анықтауда көрсетілген деректермен салыстыру жолымен;
- көзбен шолу әдісімен сәйкестендіру – тамақ өнімінің сыртқы түрін осы стандартқа, тамақ өнімінің жекелеген түрлеріне арналған [2] және [4]-ке сәйкес осы тамақ өнімін анықтауда жазылған белгілермен салыстыру жолымен;
- органолептикалық әдіспен сәйкестендіру – тамақ өнімінің органолептикалық көрсеткіштерін (1-кестені қараңыз) осы стандарттағы, тамақ өнімінің жекелеген түрлеріне арналған [2] және [4]-тегі осы тамақ өнімін анықтауда жазылған белгілермен салыстыру жолымен. ҚР СТ 2125, ҚР СТ 1014, ҚР СТ 1732 сәйкес белгіленген тәртіппен арнайы іріктелген үлгілерде жүргізіледі. Егер тамақ өнімін атауы жөніндегі әдіспен және көзбен шолу әдісімен сәйкестендіру мүмкін болмаса, органолептикалық әдіс қолданылады;
- талдамалық әдіспен сәйкестендіру – тамақ өнімінің физикалық-химиялық және (немесе) микробиологиялық көрсеткіштерінің осы стандарттағы, тамақ өнімінің жекелеген түрлеріне арналған [2] және [4]-тегі осы тамақ өнімін анықтауда жазылған белгілермен салыстыру жолымен. Егер тамақ өнімін атауы жөніндегі әдіспен және көзбен шолу немесе органолептикалық әдістерімен сәйкестендіру мүмкін болмаса, талдамалық әдіс қолданылады. 1-кестеде көрсетілген көрсеткіштер бойынша, ал олар жеткіліксіз болған жағдайда, сүт өнімінің нақты түріне арналған нормативтік құжаттар бойынша немесе мүдделі тараптар арасындағы келісім-шартқа (келісімге) сәйкес зертханалық әдістермен жүргізіледі.

Егер сүт пен сүт өнімін атауы жөніндегі әдіспен және көзбен шолу немесе органолептикалық әдістерімен сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда, сәйкестендіру сүт пен сүт өнімінің физикалық-химиялық және (немесе) микробиологиялық көрсеткіштерінің [4]-те, сүт пен сүт өнімін дайындау басшылыққа алынған белгілі бір техникалық құжаттамада, сондай-ақ қолданысы сүт пен сүт өніміне таралатын басқа да

Кеден одағы техникалық регламенттерінде белгіленген белгілерге сәйкестігін тексеру жолымен талдамалық әдіс арқылы жүргізіледі.

5.1.2 Сүт өнімін сәйкестендіру кезінде Қазақстан Республикасында қолданылатын заңнамалық актілерді, техникалық регламенттерді, өнім өндірісі мен айналымына арналған нормативтік және техникалық құжаттарды, сондай-ақ өнімді жеткізушінің немесе дайындаушының қалауы бойынша Қазақстан Республикасы аумағында белгіленген тәртіппен бекітілген және (немесе) танылған кез келген қосымша құжаттарды басшылыққа алу керек.

Ескертпе – Қосымша құжатқа органолептикалық және физикалық-химиялық көрсеткіштерін және олардың нормаларға сәйкестігін және сәйкестендіруге жататын өнімнің нақты топтамасымен өзара байланысын бақылауда ұстау басшылыққа алынатын өнімге арналған құжаттар жатады [16].

Қосымша құжаттар ретінде халықаралық сертификаттар және шет мемлекеттердің ұлттық сәйкестік сертификаттары, Қазақстан Республикасында немесе нәтижелері Қазақстан Республикасында мойындалатын шетелдік сарапшы ұйымдарда (сынақ зертханаларында) өткізілген өнім сынақтарының хаттамалары назарға алынады.

5.1.3 Өнімнің сәйкестігін міндетті немесе ерікті растау кезінде көзделген жағдайларда, сәйкестендіруді өткізу туралы шешімді сәйкестендіруді жүзеге асыратын қызмет қабылдайды.

Халықаралық іс-тәжірибеге сәйкес сүт өнімін сәйкестендіру [13] бойынша өнімді қадағалау мақсатында немесе сәйкестендіру туралы өтінім берушіден алынған сұрау негізінде шаралар кешенін іске асыру кезінде жүргізіледі.

Тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкессіздігі анықталған жағдайда, тамақ өнімінің қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдар бұрмаланған сүт өнімі өндірісін тоқтата тұру және (немесе) өткізу туралы шараларды қабылдайды және бұл туралы тұтынушыларға хабарлайды.

## **5.2 Сәйкестендіруді өткізу**

### **5.2.1 Сынамаларды іріктеу**

Сәйкестендіру үшін сүт өнімі сынамаларын іріктеу ҚР СТ ISO 707, ҚР РК 1508, ГОСТ 3622, ГОСТ 13928 және ГОСТ 26809, ГОСТ 26668, ГОСТ 26669 бойынша орындалады.

Сүт өнімінің органолептикалық көрсеткіштері орауыштың әрбір бақыланатын (іріктелетін) бірлігі бойынша жеке бағаланады.

Сүт өнімін микробиологиялық көрсеткіштер бойынша сәйкестендіру микробиологиялық талдау үшін іріктелген сынамалар мен үлгілерде орындалады.

Іріктелген орташа сынамалардан физикалық-химиялық көрсеткіштерді анықтау үшін таза ыдысқа салынатын орташа үлгі бөлінеді және сүргі салып, өтінім берушінің (алушының және қатысқан жағдайда жеткізушінің өкілінің, сынамаларды іріктеуді орындайтын тұлғаның) пломбасымен пломбаланады. Зерттеуге арналған сынамалар тұтынушының және (немесе) жеткізушінің жүйесіне кірмейтін зертханаға жолдануға тиіс.

Зертханалық сынақтарға арналған сынамалар дайындаушы кәсіпорынның атауы және өнімге арналған нормативтік құжат, атаулары, сұрыбы (болған жағдайда), орташа сынаманы іріктеу сәтінде өнім ішіндегі температура және сынамаларды іріктеу уақыты көрсетілген ілеспе құжаттармен жабдықталады. Сынақтар сынама іріктелген сәттен бастап төрт сағат ішінде, одан кем емес уақытта өткізіледі.

### **5.2.2 Көзбен шолып сәйкестендіру критерийлері**

Сүт өнімін көзбен шолу тәсілімен сәйкестендіру жұмыстарын орындау мыналарды:

а) орауыштағы (құлақшалардағы, затбелгілердегі) және ілеспе құжаттардағы өнім атауының тиісінше белгіленген міндетті немесе ерікті талаптарға сәйкестігін;

б) орауыштың бүтіндігін және гигиеналық талаптарға сәйкестігін (сыртқы түрі, бетінің жағдайы, ақаудың және металл ыдыста тоттың, кірдің, шыны ыдыста сынықтың бар екені, қағаз ыдыстың немесе полимер ыдыстың герметикалығы);

в) техникалық регламенттердің және Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын өзге міндетті құжаттардың талаптарына (оның ішінде [1], [3], Кеден одағының Бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық талаптары), сүт өнімінің нақты түрлеріне арналған ақпараттың жалпы (ҚР СТ 1010, ҚР СТ 1735) және арнайы түрлерін белгілейтін стандарттар мен нормативтік құжаттарға сәйкес сүт өнімі таңбалауының толықтығын тексеруді (өнім таңбалауындағы және ілеспе құжаттардағы деректерді салыстыру әдісімен) қарастырады.

5.2.3 Сапа және қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша сәйкестендіру критерийлері

Сүт өнімін сәйкестендіру үшін қажетті және жеткілікті көрсеткіштердің номенклатурасын анықтау үшін, сәйкестендіру жөніндегі жұмыстарды атқаратын қызмет мыналарды:

- сүт өнімін сәйкестендіру көрсеткіштеріне жататын негізгі көрсеткіштердің тізбесін;

- негізгі көрсеткіштер жеткіліксіз болған немесе олардың ықтимал бұрмаланғандығына күмән туған жағдайда, қосымша сәйкестендіру көрсеткіштерінің тізбесін;

- негізгі және қосымша көрсеткіштер жетіспеген жағдайда, өзіне тән көрсеткіштердің тізбесін;

- Қазақстан Республикасы аумағында қолдану үшін рұқсат етілген құжаттар жазылған, сүт өнімінің негізгі және қосымша көрсеткіштерін анықтау (бақылау, сынау) әдістеріне арналған стандарттар мен құжаттардың тізбесін;

- сүт өнімін сәйкестендіру бойынша жұмыс жасау уақыты мен мерзімін қамтитын бағдарлама құрады.

Негізгі және қосымша сәйкестендіру көрсеткіштерінің тізбесіне микробиологиялық талдау көрсеткіштерін, меламина мен генетикалық түрлендірілген объектілердің (бұдан әрі – ГТО) бар екенін қоса алғанда, органолептикалық және физикалық-химиялық көрсеткіштер, қауіпсіздік көрсеткіштері кіреді.

Сүт өнімінде меламинамен генетикалық түрлендірілген объектілердің бар екеніне сәйкестендіру азық-түліктік немесе бастапқы шикізатта олардың ықтимал бар екені туралы негізделген болжам болған жағдайда орындалады.

Сүт өнімінің негізгі және қосымша сәйкестендіру көрсеткіштерінің тізбесі 1-кестеде берілген.

Сүттің ықтимал жарамсыздығы А қосымшасында және [17]-де берілген.

Сәйкестендіру үшін қолданылатын негізгі және қосымша көрсеткіштердің абсолют (және есептік) мәндері сүт өніміне арналған ұлттық және мемлекетаралық стандарттарда және [4], [6], [7], [12] санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды қоса алғанда, басқа нормативтік құжаттарда жазылған.



## ҚР СТ 2152-2014

### 1-кесте – Сүт өнімінің түрлері бойынша негізгі сәйкестендіру көрсеткіштері

Сәйкестендіру көрсеткіштері	Өнімнің сәйкестендіру көрсеткіштері белгіленген стандарттар
1 Шикі сиыр сүті мен шикі майсыздандырған сиыр сүтін сәйкестендірудің көрсеткіштері <sup>5)</sup>	
<p>Негізгі көрсеткіштер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қоюлығы;</li> <li>- дәмі мен иісі;</li> <li>- түсі;</li> <li>- майдың массалық үлесі;</li> <li>- ақуыздың массалық үлесі;</li> <li>- тығыздығы;</li> <li>- талдама қышқылдық;</li> <li>- бейтараптандыратын және тежейтін заттар;</li> <li>- антибиотиктердің болмауы.</li> </ul> <p>Қосымша көрсеткіштер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жылуға төзімділік және ірімшікке жарамды (сүтті қолдану саласына байланысты);</li> <li>- қату температурасы (сүтті сумен араластыру туралы күдік болған жағдайда);</li> <li>- фосфатаза (жылулық өңдеу туралы күдік болған жағдайда);</li> <li>- сүтсіз майдың массалық үлесі (сүтсіз майды қолдану туралы күдік болған жағдайда);</li> <li>- сүтсіз ақуыздың массалық үлесі (сүтсіз ақуызды қолдану туралы күдік болған жағдайда);</li> <li>- лактоза (сүтсіз қантты қолдану туралы күдік болған жағдайда);</li> <li>- сүттің құрғай майсыздандырған заттарының массалық үлесі (ҚМСК) (ақуыз массалық үлесінің жеткіліксіздігі туралы күдік пайда болған жағдайда);</li> <li>- бета-лактоглобулин (маститтік сүт және уыздың бар екендігіне күдік пайда болған жағдайда);</li> </ul>	<p>ҚР СТ 1760, ҚР СТ 1505, ГОСТ 31502, ГОСТ 31694, ГОСТ 32219, ГОСТ 32254, ГОСТ Р 21600</p>

1-кестенің жалғасы

Сәйкестендіру көрсеткіштері	Өнімнің сәйкестендіргіш көрсеткіштері ) белгіленген стандарттар
<ul style="list-style-type: none"> <li>- меламинаң болуы;</li> <li>- ГМА болуы.</li> </ul>	
<p>2 топтамадағы ауылшаруашылық жануарларының басқа түрлерінің шикі сүттерін сәйкестендірудің көрсеткіштері (ешкі, саулық, бие, мая, қодас, мәші)</p>	
<p>Негізгі көрсеткіштер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қоюлығы;</li> <li>- дәмі мен иісі;</li> <li>- түсі;</li> <li>-жалпы және сүттегі майдың массалық үлесі ;</li> <li>- жалпы және сүттегі ақуыздың массалық үлесі ;</li> <li>- тығыздығы;</li> <li>- талдамалы қышқылдық;</li> <li>- қату температурасы;</li> <li>- бейтараптандыратын және тежейтін заттар</li> <li>- антибиотиктердің болмауы.</li> </ul> <p>Қосымша көрсеткіштер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жылуға төзімділік және ірімшікке жарамды (сүтті қолдану саласына байланысты);</li> <li>- лактоза;</li> <li>- сүттегі құрғақ майсыздандырған заттардың массалық үлесі (ҚМСҚ);</li> <li>- үшглицерид ацильді топтамасы негізіндегі майлы қышқылдық құрам;</li> <li>- бета-лактоглобулин (маститтік сүт және уыздың бар екендігіне күдік пайда болған жағдайда);</li> <li>- минерал заттар;</li> <li>- меламинаң болуы;</li> <li>- ГМА болуы.</li> </ul>	<p>ҚР СТ166, ҚР СТ1005, ҚР СТ1505, ГОСТ 31502, ГОСТ 31694, ГОСТ 32219, ГОСТ 32254, ГОСТ Р 21600</p>

## ҚР СТ 2152-2014

3 Шикі қаймақты сәйкестендірудің көрсеткіштері <sup>5)</sup>	
<p>Негізгі көрсеткіштер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қоюлығы;</li> <li>- дәмі мен иісі;</li> <li>- түсі;</li> <li>- майдың массалық үлесі;</li> <li>- талдамалы қышқылдық;</li> <li>- антибиотиктердің болмауы.</li> </ul> <p>Қосымша көрсеткіштер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- сүтсіз май, ақуыздың массалық үлесі (сүтсіз май, ақуызды қолдану туралы күдік пайда болған жағдайда);</li> <li>- сүттегі құрғақ майсыздандырған заттардың массалық үлесі (ҚМСК);</li> <li>- бета-лактоглобулин (маститтік сүт және уыздың бар екендігіне күдік пайда болған жағдайда);</li> <li>- меламинаң болуы;</li> <li>- ГМА болуы</li> </ul>	<p>ҚР СТ142, ҚР СТ 1505,ГОСТ 31502,ГОСТ 31694, ГОСТ 32219,ГОСТ 32254, ГОСТ Р 21600</p>
4 Өңделген сүт өнімдерін сәйкестендірудің органолептикалық көрсеткіштері	
<ul style="list-style-type: none"> <li>- сыртқы түрі (сұйық, ұн тәріздес, қатты, қойыртпақ тәріздес және басқасы);</li> <li>-түс;</li> <li>- қоюлығы және (немесе) құрылымы, (ілімді, созылмалы, қойыртпақ тәріздес, біртектес және басқасы);</li> <li>-дәмі мен иісі;</li> <li>- антибиотиктердің болмауы;</li> <li>- сурет (қатты ірімшіктерге арналған).</li> </ul>	<p>ҚР СТ 1063, ҚР СТ 1324, ҚР СТ 1732, ҚР СТ 1505, ҚР СТ 2019, ГОСТ 7616, ГОСТ 27568, ГОСТ 31502 ГОСТ 31694, ГОСТ 32219, ГОСТ 32254, ГОСТ Р 21600</p>

1-кестенің жалғасы

Сәйкестендіру көрсеткіштері	Өнімнің сәйкестендіргіш көрсеткіштері ) белгіленген стандарттар
5 Қайтадан өңделген сүт өнімдері, соның ішінде сүтті, сүт құрамды, сүттен тұратын өнімдерді сәйкестендірудің физикалық химиялық және микробиологиялық көрсеткіштері:	
5.1 Сүт және ішетін қаймақтар, сүт құрамды өнімдер <sup>2),5)</sup> сұйық және құрылымды, қойылтылған сүт өнімдері <sup>3),5)</sup> , құрғақ сүт өнімі, сүттен тұратын өнім <sup>2),5)</sup>	
<p>Негізгі көрсеткіштер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жалпы майдың, соның ішінде сүттегі майдың массалық үлесі;</li> <li>- жалпы ақуыздың, соның ішінде сүттегі ақуыздың массалық үлесі;</li> <li>- тығыздығы (ішетін су, қаймаққа арналған);</li> <li>- талдамалы қышқылдық;</li> <li>- қату температурасы;</li> <li>- сүтсіз майдың массалық үлесі (сүттен тұратын өнімдерге арналған);</li> <li>- сүтсіз ақуыздың массалық үлесі (сүттен тұратын өнімдерге арналған);</li> <li>- макро- және микроэлементтердің, дәрумендердің болуы (байытылған өнімдерге арналған)</li> <li>- антибиотиктердің болмауы.</li> </ul> <p>Қосымша көрсеткіштер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- сүтсіз майдың массалық үлесі (сүт және сүт құрамды өнімдерде сүтсіз майды қолдану туралы күдік пайда болған жағдайда );</li> <li>- сүтсіз ақуыздың массалық үлесі (сүт және сүт құрамды өнімдерде сүтсіз ақуызды қолдану туралы күдік пайда болған жағдайда);</li> <li>- лактоза (сүтсіз қантты қолдану туралы күдік пайда болған жағдайда);</li> <li>- сүттегі құрғақ майсыздандырылған заттардың массалық үлесі (ҚМСК) (егер бұл сүт өнімінің нақты түріне нормативтік құжатпен белгіленген жағдайда);</li> <li>- меламинаң болуы;</li> </ul>	<p>ҚР СТ 44, ҚР СТ 84, ҚР СТ 94, ҚР СТ 117, ҚР СТ 1004, ҚР СТ 1006, ҚР СТ 1102, ҚР СТ 1103, ҚР СТ 1106, ҚР СТ 1107, ҚР СТ 1108, ҚР СТ 1135, ҚР СТ 1325, ҚР СТ 1327, ҚР СТ 1505, ҚР СТ 1733, ҚР СТ 2069, ҚР СТ ГОСТ Р 52091, ҚР СТ ГОСТ Р 52092, ГОСТ 718, ГОСТ 719, ГОСТ 1349, ГОСТ 1923, ГОСТ 2903, ГОСТ ЭД 1 2903, ГОСТ 4495, ГОСТ 4771, ГОСТ 4937, ГОСТ 10382, ГОСТ 10970, ГОСТ 13277, ГОСТ 31502, ГОСТ 31694, ГОСТ 32219, ГОСТ 32254, ГОСТ Р 21600</p>

## ҚР СТ 2152-2014

<p>- ГМА болуы.</p>	
<p>5.2 Қышқыл сүт өнімдері, соның ішінде сүт, сүт құрамды <sup>2),5)</sup> және сүттен тұратын өнімдер <sup>2),5)</sup></p>	
<p>Негізгі көрсеткіштер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қышқылдығы;</li> <li>- майдың массалық үлесі;</li> <li>- сүтсіз майдың массалық үлесі (сүттен тұратын өнімдерге арналған);</li> <li>- сүт қышқылды микроорганизмдер, ашытқы;</li> <li>- макро- және микроэлементтердің, дәрумендердің, бифидобактериялардың болуы (байытылған өнімдерге арналған);</li> <li>- антибиотиктердің болмауы.</li> </ul> <p>Қосымша көрсеткіштер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- сүтсіз май, ақуыздың массалық үлесі (сүтсіз май, ақуызды қолдану туралы күдік пайда болған жағдайда);</li> <li>- меламиннің болуы;</li> <li>- ГМА болуы.</li> </ul>	<p>ҚР СТ 1060, ҚР СТ 1061, ҚР СТ 1064,          ҚР СТ 1067, ҚР СТ 1324, ҚР СТ 1328,          ҚР СТ 1471, ҚР СТ 1505, ҚР СТ 2069,          ҚР СТ ГОСТ Р 52092, ГОСТ 10382,          ГОСТ 31502 ГОСТ 31694, ГОСТ 32219,          ГОСТ 32254, ГОСТ Р 21600</p>
<p>5.3 Сыыр сүтінен жасалған май және май қойыртпағы (сүт және сүт құрамды өнімдер <sup>2),5)</sup>)</p>	
<p>Негізгі көрсеткіштер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- майдың массалық үлесі;</li> <li>- ылғалдың массалық үлесі;</li> <li>- тұздың массалық үлесі;</li> <li>- тәтті кілегей өнімнің сүт плазмасының талдамалы қышқылдығы;</li> </ul>	<p>ҚР СТ 1062, ҚР СТ 1329, ҚР СТ 1505, ГОСТ 37,          ГОСТ 6822, ГОСТ 31502 ГОСТ 31694,          ГОСТ 32219, ГОСТ 32254, ГОСТ Р 21600</p>

*1-кестенің жалғасы*

Сәйкестендіру көрсеткіштері	Өнімнің сәйкестендіргіш көрсеткіштері ) белгіленген стандарттар
<ul style="list-style-type: none"> <li>- қышқыл кілегей өнімнің сүт плазмасының талдамалы қышқылдығы;</li> <li>- алынған майдың балқу температурасы;</li> <li>- антибиотиктердің болмауы.</li> </ul> <p>Қосымша көрсеткіштер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- сүтсіз май, ақуыздың массалық үлесі (сүтсіз май, ақуызды қолдану туралы күдік пайда болған жағдайда);</li> <li>- тотығу саны;</li> <li>- меламиннің болуы;</li> <li>- ГМА болуы.</li> </ul>	
<p>5.4 Кілегейлі өсімдік спреді, тортасы айырылған кілегейлі өсімдік қоспасы<sup>4),5)</sup></p>	
<p>Негізгі көрсеткіштер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жалпы майдың массалық үлесі;</li> <li>- май сатысындағы сүт майының массалық үлесі;</li> <li>- сүтсіз майдың массалық үлесі;</li> <li>- ылғалдың массалық үлесі;</li> <li>- майдың балқу температурасы;</li> <li>- антибиотиктердің болмауы.</li> </ul> <p>Қосымша көрсеткіштер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- өнімнен алынған майдағы линоленді қышқылдың массалық үлесі;</li> <li>- метилэлаидат қайта есептеуде өнімнен алынған майдағы олеин қышқылындағы транс-изомердің массалық үлесі;</li> <li>- тотығу саны;</li> <li>- меламиннің болуы;</li> <li>- ГМА болуы.</li> </ul>	<p>ҚР СТ 1007, ҚР СТ 1304, ҚР СТ 1326, ҚР СТ 1372, ҚР СТ 1505, ГОСТ 31502, ГОСТ 31694, ГОСТ 32219, ГОСТ 32254, ГОСТ Р 21600, ГОСТ Р 52100</p>
<p>5.5 Сыр, сыр өнімі (сүт, сүт құрамды<sup>2)</sup>, сүттен тұратын<sup>2),5)</sup>)</p>	

## ҚР СТ 2152-2014

